

ХҒТАР 14.35.09

ӨОЖ 8.81.81-13

<https://doi.org/10.52269/RWEP2522268>

СОМАТИКАЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Тұрысбек А.Қ.* – PhD докторанты, SDU университеті, Қаскелең қ., Қазақстан Республикасы.

Ақтай Г. – PhD докторы, профессор ассистенті, Адам Мицкевич атындағы Университет, Познань қ., Польша.

Мақалада қазақ тіліндегі соматикалық лексиканы оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер қарастырылады. Сонымен қатар соматикалық лексиканың қазақ халқының дүниетанымындағы маңызы сөз етіледі. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың тілді танымдық тұрғыдан оқытуға арналған ғылыми-әдістемелік еңбектері сараланды. Атап айтқанда, қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тіл мен таным сабақтастығына қатысты көтерілген мәселелерге назар аударылды. Соматикалық лексикаға байланысты А.Нұржанова мен С.Сәтенованың теориялық тұжырымдары талданды. Қазақ тілінің соматикалық лексикасын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді құрастыру барысында қазақ тіл білімі мен әдістемесінде қалыптасқан таным теориясына және танымдық бағыттағы зерттеулерге сүйену орынды деп табылды. Мақалада соматикалық лексиканы жан-жақты (танымдық, прагматикалық, функционалдық және т.б.) тиімді оқытуға арналған тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Қазақ тілін оқыту барысында білім алушыға тек грамматикалық білім берумен шектелмей, сонымен қатар халықтың мәдениеті мен дүниетанымын танытатын, оны өзге халықтардан даралап тұратын «тілдік бейнені» меңгертуге ерекше мән беріледі. Адам қоршаған әлемді өзіне жақын, таныс ұғымдар арқылы, яғни дене мүшелеріне қатысты атаулардың ауыспалы мағынада қолданылуы арқылы танып-біледі. Студенттер осы сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуын зерттеу арқылы қазақ халқының құндылықтар жүйесін, назар аударатын рухани-мәдени тұстарын тереңірек түсіне бастайды. Бұл – тілді тек қарым-қатынас пен ойды жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар ұрпақтан ұрпаққа білім мен тәжірибе тасымалдайтын мәдени-танымдық құрал ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: соматикалық лексика, лексиканы оқыту, танымдық бағытта оқыту, антропоевектік бағытта оқыту, соматикалық лексиканы танымдық бағытта оқыту.

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ПРИ ОБУЧЕНИИ СОМАТИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКЕ

Тұрысбек А.К.* – докторант, университет SDU, г. Каскелен, Республика Казахстан.

Ақтай Г. – PhD доктор, ассистент профессора, Университет имени Адама Мицкевича, г. Познань, Польша.

В статье рассматриваются методы и приёмы, используемые при обучении соматической лексике казахского языка. Прежде всего, подчёркивается значение соматической лексики как средства отражения казахского мировоззрения и национального познания. В процессе исследования, легшего в основу статьи, были проанализированы научные и методические труды отечественных и зарубежных учёных, посвящённые когнитивному подходу к обучению языку. Особое внимание уделено вопросам, затронутым в трудах выдающихся представителей казахского языкознания – А. Байтұрсынұлы и К. Жубанова, – связанным с когнитивными аспектами преподавания языка. Также были рассмотрены теоретические изыскания А. Нуржановой и С. Сатеновой, посвящённые соматической лексике. При разработке методики преподавания соматической лексики казахского языка авторы опирались на труды, основанные на теориях познания и когнитивно ориентированном обучении. В статье представлена система заданий, направленных на всестороннее (когнитивное, прагматическое, функциональное и др.) и эффективное освоение соматической лексики. При обучении казахскому языку акцент сделан не только на усвоение грамматических знаний, но и на формирование представления о «языковом образе мира», отражающем культуру и мировоззрение народа, его уникальность и отличие от других этносов. Человек познаёт окружающий мир через близких и знакомые ему понятия, то есть посредством переносного значения слов, связанных с названиями частей тела. Изучая употребление этих слов в переносном значении, студенты начинают глубже понимать систему ценностей казахского народа, а также его духовно-культурные ориентиры. Это подтверждает, что язык служит не только средством коммуникации и выражения мысли, но и выполняет важную функцию передачи знаний и жизненного опыта из поколения в поколение.

Ключевые слова: соматическая лексика, обучение лексике, обучение познавательной направленности, обучение антропоцентрической направленности, обучение соматической лексике познавательной направленности.

METHODS AND TECHNIQUES USED IN TEACHING SOMATIC VOCABULARY

Turysbek A.K. – PhD student, Suleyman Demirel University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan.
Aktay G. – PhD, Assistant Professor, Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland.*

The article discusses the methods and approaches used in teaching somatic vocabulary in the Kazakh language. First, the paper focuses on significance of somatic vocabulary as a means of conveying the Kazakh worldview and national knowledge. During the research underlying this article, both scientific and methodological works by domestic and international scholars in the field of cognitive language learning were reviewed. Particular attention was paid to the contributions of prominent Kazakh linguists, including A. Baitursynov and K. Zhubanov, whose work has played a pivotal role in the development of cognitive approaches to language learning. We also analyzed the theoretical contributions of A. Nurzhanova and S. Satenova dedicated to somatic vocabulary. While developing the methodology for teaching somatic vocabulary of the Kazakh language, the authors relied on works based on theories of knowledge and cognitively oriented learning. The article proposes a system of exercises designed to effectively teach somatic vocabulary in a comprehensive manner, incorporating cognitive, pragmatic, and functional aspects, including effective acquisition of somatic vocabulary. In the process of teaching the Kazakh language, particular attention is given not only to grammar but also to the "linguistic image" that reflects the culture, knowledge, and worldview of the Kazakh people, their uniqueness, helping to distinguish them from other ethnic groups. Humans comprehend the surrounding world through familiar and relatable concepts, notably via the figurative meanings of words associated with body parts. By studying the use of these words in a figurative sense, students gain a deeper understanding of the Kazakh value system as well as its spiritual and cultural orientations. This demonstrates that language is not only a tool for communicating thoughts but also a means of transmitting knowledge and experience across generations.

Key words: somatic vocabulary, vocabulary teaching, cognitive-oriented teaching, anthropocentric teaching, cognitive-oriented somatic vocabulary teaching.

Қысқашы. «Қазіргі білім берудегі негізгі парадигмалар қатарына: антропоцентризм, гуманистік, когнитивтік, тұлғалық-бағдарлы, мәдениеттанымдық, дүниелік білім беру, функционалдық немесе құзыреттілік және білімді интеллект дамытудың қайнар көзі ретінде игерту парадигмалары жатады. Бұлар негізінен әлемдік білім беру кеңістігіндегі тенденциялардың дамып жетілуімен тығыз байланыста іске асып, солардың қойған талаптарының үдесінен шығуды көздей отырып туындайды. Дегенмен, білім беру ісінде қолға алынған кез келген тенденциядағы инновациялардың енгізілуі парадигманың бастапқы генезисіндегі негізгі бағыты болған ұлттық дәстүрлерге және ұлттық негіздерге қарсы келмеуі тиіс» [1, 81 б.]. Әр заманда теориялық білім мен ұлттық тәрбие мен танымды қатар алып жүріп оқыту маңызды болып келген. Тіпті кеңес дәуірінде де А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев сияқты көрнекті әдіскерлеріміз ұлттық мәдениетті насихаттауға және оны дамытуға үлкен үлес қосқан.

Қай тілді алсаңызда адамның қимыл-әрекетін, сезімдерін, көңіл-күйін білдіретін фразеологизмдер, сол тілдің фразеологиялық қорында басымдылық танытатыны анық. Б.Хасанов: «Адамның метафоралы қолданылмайтын мүшесі жоқ, басынан бастап бақайына дейін, яғни барлық мүшесі түгел, метафораланады» [2, 76 б.]. Қазақ және түрік фразеологиялық бірліктеріндегі соматикалық кодты зерттеп жүрген ғалымдар Қылдыроғлы М. мен Шакирова Қ. өз мақаласында соматикалық фразеологиялық бірліктер жайында: «Аталған бірліктердің бейнелі мазмұны адамның өзін тануы; олардың көмегімен халықтың ұлттық «рухын», олардың психологиясы мен менталитетін ашып, түсінуге болады. Философтар, тарихшылар, жазушылар мен мәдениеттанушылар үшін қазір маңызды болып жүрген халықтың ұлттық «рухы», олардың психологиясы, менталитеті мен мінезі де осы арқылы көрініс табады» [3, 145 б.] деген тұжырымға келеді. Демек, соматикалық лексика оқыту арқылы біз тек студенттердің тілдік қорын байытып қана қоймай, қазақ танымына, мәдениетіне тереңдей түсулеріне жол ашамыз.

«Тіл – адамның әлем туралы ілімін қалыптастырудың және осы білімнің бар болуының маңызды тәсілі. Адам өзінің білімін, нәтижелерін сөздер арқылы «бекітеді». Тілдік формаға енген осы дәстүрлі білімдердің жиынтығы бір кездері «аралық тіл», «әлемнің тілдік көрінісі», «әлемнің тілдік моделі», «әлемнің тілдік бейнесі» деп аталды» [4, 254 б.]. Тілдік құрылым тек қоршаған ортадан ақпарат алу және беру процесімен шектелмей, әлдеқайда күрделі тұжырымдамалық кеңістіктің байланыстырушы буынына айналды. Ол адамның қоршаған ортаны, жалпы әлемді тануы мен игеруінің нәтижесіне айналып, соның негізінде «әлемнің тілдік бейнесі» атты үлкен лингвоәлеуметтік категория қалыптасты. Бұл категория қазіргі тілді үйрену мен оқытудың негізгі алғышарттарының бірі болып табылады, өйткені кез келген тілде сөйлейтін халықтың әлемді қалай қабылдайтынын түсінбестен, сол тілде ойлауды үйрену мүмкін емес. Яғни, әр ұлт әлемді өз ана тілінің объективі арқылы көреді, сондықтан тілдегі ұлттық-

мәдени бояулар халықтың танымын, сенімін, мәдениетін, салт-дәстүрін және ділін көрсетіп, ойлау жүйесін қалыптастырады. [5, 281 б.].

Зерттеу мақсаты: Қазақ тіліндегі соматикалық лексиканың когнитивтік, лингвомәдени және әдістемелік қырларын жүйелі түрде талдау арқылы оны тілді оқыту процесінде ұлттық танымды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде ғылыми негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

- 1 Соматикалық лексиканың тілдік табиғаты мен танымдық әлеуетін фразеологиялық бірліктер мен метафоралар негізінде айқындау;
- 2 Қазақ тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің, таным мен ұлттық болмыстың сабақтастығына негізделген теориялық ұстанымдарды (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және т.б.) ғылыми талдау;
- 3 Соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени мазмұнын ашу арқылы олардың этнопсихологиялық, әлеуметтік-когнитивтік маңызын сипаттау;
- 4 Соматикалық лексиканы оқытудың отандық және шетелдік әдістемелік тәжірибелерге сүйенген тиімді тәсілдер жүйесін құрастыру.

Материалдар мен әдістер. Мақалаға негіз болған мәселені зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың тілді танымдық тұрғыдан оқытуға қатысты ғылыми және әдістемелік еңбектері қарастырылды. Шетелдік ғалымдардың арасында Дж.Стиглер мен Дж. Хиберттің сабақты жетілдіру және мәдени бірліктерді енгізу мәселелері туралы еңбектері [6], М.Исттің тапсырмаға негізделген тілді оқыту әдістемесі [7], А.Райттың тілді суреттер арқылы оқыту әдісі, Ф.Меуниер мен С.Грангердің фразеологиялық тіркестерді оқытуға арналған оқулығы, сондай-ақ М.Дереновскийдің мәдениетті тіл арқылы оқытуға арналған нұсқаулықтары қарастырылды. Бұл әдістердің негізінде қазақ тіліндегі соматикалық лексиканы оқытуға арналған әдіс-тәсілдер жүйесі құрылды.

Қазақ тіл білімінің алыптары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектеріндегі тілді танымдық тұрғыдан оқыту мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, соматикалық лексикаға қатысты А.Нұржанова мен С.Сәтенованың теориялық ізденістері де зерделенді. Қазақ тілінің соматикалық лексикасын оқытуға арналған әдіс-тәсілдер құрастыру барысында, қазақ тіл білімі мен әдістемесінің негізін қалаған А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың таным теориясына, сондай-ақ танымдық бағытқа негізделген еңбектеріне жүгінуді маңызды деп есептедік.

Қазақ тіл білімінің алыбы ғалым А.Байтұрсынұлы тек тіл теориясын құрастырып қана қоймай, оны оқыту мәселесіне де көңіл бөлген. Балалардың танымдық білімін ашу мақсатында ғалым әңгімелесу әдісін қолданған. Ол әдіс туралы ғалым: «Әңгіме балаларды қозғайды. Әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасында жұмбақтар, өлеңдер сияқты нәрселерді айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы – алынған нәрсені балаларға анық танытып, білім береді, сөйлесуге бойын да, тілін де үйретеді» [8, 4 б.] – дейді. Онымен қоса, бұл әдіс балалардың оқытушыға үйір болуына да ықпал етеді. Әңгімелесу диалог арқылы жүзеге асады. Оқытушы алдын ала ойластырылған сұрақтар арқылы оқушылардың материалды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу барысында сұрақтар тек бір оқушыға ғана емес, барлық оқушыларға ортақ қойылуы мүмкін. Бұл әдістің артықшылықтары: оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытады, білім алуға деген құштарлықты арттырады, оқытушыға оқушының білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ үлкен тәрбиелік мәнге ие.

Қазақ тіл білімінің құрылымдық жүйесін жасаған А.Байтұрсынұлы тілді оқыту барысында салыстыру әдісін шебер қолданған. Дыбыстарды, сөздерді, мағыналарды салыстыру арқылы оқушының танымдық ойлауы дамып, тілді тереңірек түсініп, салыстыруға мүмкіндік алады.

Ғалым тек теориялық білім берумен шектелмей, халықтың ұлттық болмысын таныту жолдарын да қарастырған. Тілді оқыту барысында ұлтты, мәдениетті, халықтың тыныс-тіршілігін көрсететін мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, халық ауыз әдебиетін көптеп қолданған. Жалпы, ғалымның әдістемелік еңбектерін зерттеген А.Қыдыршаев бұл еңбектерді былай саралайды:

«1. Тіл дамыту жұмысы А.Байтұрсынұлы әліппелерінде барлық жұмыстарды өтуде, оған жаттығуда, өзгерген білімді бекітуде жүйелі де үздіксіз жүргізілген. Әдіскер әліппелеріне енген материалдарын қызғылықты болуы арқылы да бала тілін дамытуды есте ұстаған.

2. А.Байтұрсынұлы әліппе, тіл құралдарында ауыз әдебиетінің ерекше бір түрлері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды шоғырымен жолықтырамыз.

3. жұмбақ баланың ақыл-ойын дамытады, қиялын шарықтатады, тапқырлыққа баулиды. Ақырында бұның өзі бастауыш клас оқушыларының ауызша тілін дамытуға бағытталады.

4. А.Байтұрсынұлы жаңылтпаштарды шәкірт тілін дамытудың таптырмас, баға жетпес құралы деп есептейді» [9, 13 б.]. Бұдан А.Байтұрсынұлы өз оқулықтарында оқушылардың танымын жан жақты дамытуға көңіл бөлгенін байқаймыз.

Қазақ тіл білімі мен әдістеме ғылымына зор үлес қосқан келесі тұлға – Қ.Жұбанов. Ғалым өзге тілдер мен халықтарға тән үлгі-өнегелер мен әдістемелік жетістіктерді қазақ халқына тікелей және сүзгісіз қолдануға қарсылық білдірген. Ол оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында халықтың даналық ойларын кеңінен пайдалануға ерекше назар аударған. Ол туралы М.Иманқұлова: «Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларының тағы бір ерекшелігі – ғалымның теориялық ұғымдарды түсіндіру

мақсатында халықтың танымын ескеріп, тақырыпты ұлттық болмысқа сәйкес сипаттауы дәлел» [10, 216 б.]. Профессор Қ.Жұбановтың еңбектерінен мысалдар көптеп келтіруге болады «Адамдар бұрын табиғатқа адамша (жанды затша) тіл қатқан. Желді ысқырып шақырған, құйынды қуалаған, ауруды көшірген түрлі жақсылық жамандықтың иесі бар деп түсініп, оларды бірде шомылдырып, бірде тамақ беріп ырза қылып отырған» [11, 134 б.]. Сөздің мағынасын, шығу уәжін ғалым «Адам өзінің тіршілік тартысында кездесіп, пайдасын, я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген. Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген, соларға ат қойған» [11, 150 б.]. Осылайша, Қ.Жұбанов тілді жеке құбылыс ретінде емес, адамның ойлау жүйесі мен танымымен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырған. Оқушыларға тіл үйретуде белгілі бір ұғымдарды тек жаттатумен шектелмей, алдымен сол ұғымдардың ұлттық болмысқа сай түсінігін беріп, тілді тереңірек меңгеруге жағдай жасауды мақсат еткен. Ғалымның қазақ тілін оқытуда таным мәселесіне қатысты әдістемелік зерттеулерінің маңызы ерекше. Білім беру жүйесінде оқыту әдістерінің тиімділігін түсінген ғалым, тек өз пәнін жақсы білетін мұғалім ғана сол пәнді тиімді үйретуге лайықты әдіс-тәсілдерді таңдай алатынын атап көрсеткен.

Қ.Жұбановтың қолданған әдістері жайында Ф.Ш.Оразбаева: «ғалым ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен суреттеу, көрнекілік, өмірге үңілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі ойға төселдіру, оқушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игеру үшін оған екінші пәнді құрал ету және т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріп отырып іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қиын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырып жүрген таным процесі – өмірге үңілдіру; проблемалы оқыту – оқушы алдында проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төселдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді» [12, 26 б.] – деп тұжырым жасайды.

Қазіргі таңда кеңінен қолданылатын проблема қоя отырып, оқыту әдісін Қ.Жұбанов тілді оқыту барысында өте жоғары бағалап, тіл оқытуда қолдануға кеңес береді. Ғалым: «қарны ашып, қазанның қақпағын аша берген баласына анасы: «Ақылды бала қазанның астына қарайды, ақылсыз бала қазанның үстіне қарайды» – деген мақал айтып, баланың алдына проблема қояды. Бұл – түйін. Түйінді дұрыс түсінген бала қазанның астына от жағады, дұрыс түсінбеген бала – қақпағын аша береді. Ал анасының баласына өз ақылын тура айтпай, жанамалап айту себебі – проблеманы баланың өзіне шешкізу» [11, 154 б.]. Осылайша ғалым қазақ тілін оқыту барысында халықтың сан ғасырлық тәжірибесінен туған мақал-мәтелдердің түйінін оқушыларға проблемалық сұрақ қою арқылы ұлттық танымын кеңейтіп отырған.

Сонымен қоса ғалым тақырыптық білім беру кезінде танымдық тұрғыда оқытудың тиімді әдістерінің бірі – салыстыру әдісін де шебер қолданған. «Бір сөзді сөйлем – басы, қол-аяғы жоқ тас-домалақ дене секілді. Мұның бөлек-бөлек мүшелері болмайды. Көп сөзді сөйлем – басы, кеудесі, аяғы бар дене сияқты. Мұның әр сөзі тұтас бірі дененің мүшелері сияқтанып, әрқайсысы түгел бір бөлшегін көрсетеді» [11, 67 б.] – деп, сөйлем мүшелерін адамның дене мүшелерімен салыстыра отырып түсіндірген.

Профессор Қ.Жұбановтың еңбектерін таным теориясына қатысты зерттеген М.Иманқұлова: «Қ.Жұбановтың әдіснамалық зерттеулерінде баланың сөйлеу тілін жетілдіретін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын шешендік сөз үлгілері, көркем әдебиет туындылары іріктеліп, шәкіртке білім беруде теориялық білім танымдық жолмен түсіндірілген. Сондықтан қазақ баласының танымдық-тағылымдық білімін тереңдетуде зор еңбегін сіңірген Қ.Жұбановтың әдіснамалық зерттеулері оқытудың жаңашыл технологиялары үлгісінде кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес мұра» [10, 104 б.] – деген баға береді.

Дене мүшелерінің атауы лексика-семантикалық жүйеде маңызды орын алады. Бұл сөздер тек байырғы лексикалық қорды ғана құрап қоймай, сонымен қатар қазіргі кезде терминдер ретінде қолданыс тапты. Әрбір тілде дене мүшелері арқылы адамның әлемді қалай танитыны мен өз болмысын түсінуіне қатысты мәдени кодтар бейнеленеді. Соматизмдер тілдің лексикалық қабатының қалыптасуына негіз бола отырып, көптеген метафоралар мен тұрақты сөз тіркестерінің жасалуына себепкер болады. Осылайша әрбір халықтың әлемді тіл арқылы бейнелеу тәсілі оның тілдік бейнесін қалыптастырады.

Қоршаған ортаны танып-білуде ең маңызды ағза – көз. Көздің негізгі қызметі – кеңістіктегі заттардың мөлшерін, көлемін, сын-сипатын ажырату. Адам әлемді көз арқылы таниды, пайымдайды және бағалайды. Қазақ тіліндегі «өз көзімен көру», «көз алдында тұрды», «көз алдында тұрмайды» сияқты тіркестерден адамның көру арқылы ақпарат алатындығы анық байқалады. Мысалы, «ақиқатты тану органы» ретінде көздің рөлі айқын көрсетіледі.

Көздің «физикалық» қасиеттері мен ішкі сезімдер арасындағы байланыс та тілде көрініс табады. Мысалы, көз мөлдіруі, жанарының жасқа толуды сияқты тіркестер сезімнің тереңдігі мен күрделілігін көрсетеді. Сонымен қатар, көздің атрибуттары мен көрінісін қазақ халқының танымымен байланысты-

рылған метафоралық тіркестерден байқауға болады: «көзі қарақаттай», «қой көзді», «ботакөз», т.б. Бұл тіркестер арқылы халықтың мәдениеті мен дүниетанымын анықтауға болады.

Көз соматизмі кеңістіктегі заттардың, құбылыстардың қалпы мен күйін қабылдау мен түсінуде ерекше орын алады. Мысалы, «көзге түсті», «көз айырмау», «көзден бұлбұл ұшты» сияқты фразеологизмдер арқылы қабылдау мен бағалау процесі бейнеленген.

Қазақ тілінде құлақ соматизмі «ақпарат қабылдаушы» ретінде қарастырылады. Мысалы, «бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығу», «құлаққа құю», «ақпа құлақ» сияқты тіркестерде ақпараттың енуі мен шығуы құлақ арқылы беріледі. Сонымен қатар, «сақ құлақ», «тыңдар құлақ» сияқты тіркестер адамды тыңдауға, ақпаратты қабылдауға бейімдеу мәнін береді.

Көздің құрылысымен байланысты тіркестер қазақ халқының офтальмологиядан хабардар болғанын көрсетеді. Мысалы, «көз алмасы», «көз шарасы» терминдері көздің құрылымын сипаттайды және медицинада да бұл ұғымдар қолданылады.

Теориялық және әдістемелік ақпараттарды өңдеуде салыстыру, сипаттау, талдау және өрнек ұсыну әдістері қолданылды. Соматикалық лексиканы оқытуда индукция, дедукция және қорытындылау әдістері қолданылды, бұл оқушылардың тілдік танымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Біздің мақаламыздағы көрсетілген әдіс-тәсілдер қазақ тіліндегі соматикалық лексиканы оқыту барысында қазақи таным мен түсінікті аша түсуге бағытталған.

Қазақ тілінің соматикалық лексикасын оқытуға арналған тапсырма түрлері:

1. Жоба әдісі.

Жоба әдісінің келесідей артықшылықтары бар:

«1. Жобалап оқыту тілдік мақсаттардан гөрі тақырыптың мазмұндық мақсаттарына назар аударады.

2. Жобалап оқыту әдісі – білім алушыға бағытталған әдіс түрі, дегенмен де жоба барысында мұғалім мұнда негізгі қызметті атқарады: нұсқаушылық және қолдау.

3. Жобалап оқыту әдісі бәсекелестікке емес, бірлестікке негізделген.

4. Жобаларды орындау барысында оқушылар шынайы өмірге негізделген тапсырмаларды орындауы мүмкін.

5. Жобалық жұмыстың кульминациясы – қорытынды өнім. Яғни оқушылар жоба барысында жасаған жұмыстарын белгілі бір өнім арқылы демонстрация жасауы қажет.

6. Жобалар әдетте оқушыларды жаңа белестерге шабыттандырады, ынталандырады және жігерлендіреді» [13, 398 б.].

Барысы: Бұл тапсырма топтық және жеке жұмыс түрінде орындалуы мүмкін. Әр студент белгілі бір соматикалық атауды таңдап, соған байланысты жан-жақты мәліметтер (тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер, эвфемизмдер мен дисфемизмдер, терминдер, тыйымдар және т.б.) жинайды. Жиналған мәліметтер негізінде студент қазақ халқының танымында осы соматикалық атаудың мәнін ашып, оның ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл әдіс студенттің дүниетанымын кеңейтуге, ақпарат жинау мен талдау жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Сөздік әдістер

1. *Берілген сөздермен бос орынды толтырыңыз.*

Берілгені: бас, аузын, құлаққа, құлақ, қолы.

Көптің күзетсең күн көрмейсің...(Абай).

Тәңір добы – бұл ғарып (Абай).

Егер түзу көрінсе,

Ойлап-ойлап іл (Абай).

Көңілсіз – ойға олақ (Абай).

Патша – атты әскер (І.Жансүгіров).

Бұл тапсырмада мәнмәтінмен жұмыс істеп үйренеді. Жетіспей тұрған сөз туралы ойлана отырып, Абайдың өлең жолдарын жаттап та алады.

2. *Бос орынды қажетті сөз тіркесімен толықтырыңыз.*

Берілгені: аузы күй, аузы қарап отырмау, аузы-аузына жұқпау, аузы-мұрнынан шығу.

• Жас студенттерге жалға үй беріп, Мұраттың Олар оның үйін қиратып кетті.

• Бастығы техникалық ғылымдарда әйелдер ерлер сияқты табысты емес дегенде, Рахия, бастығына сондай еркектердің бірі емессің деген жауап айтты.

• Қолданылған көлік сатушы қалада ең төменгі бағаға мәшине сататынын айтып,

• Қазіргі кезде қоғамдық көлікке мінетін адамдардың саны барған сайын өсуде. Мен мінетін автобус үнемі да тұрады.

Бұл тапсырмада тұрақты тіркестерді күнделікті өмірлік жағдайда қолдануды үйренеді.

3. Қатесін тауып, дұрыстаңыз.

- Мен бір сұрағымды екі рет қойып, оған мүлдем қатысы жоқ жауап алдым. Бас десем, шаш деп отыр.
 - Ардақ пен Темір кімнің мәшинесі сенімдірек деп айтысып жатты. Ардақ тұтынушылардың берген бағасын көрсеткенде, Темірдің құлағына құм құйылды.
 - Ол басына түскен қиыншылықтары туралы ағасына тағы да тіл жармады.
 - Менің көршім бір мысығын бүйрегі көтерген бойда маған береді.
- Қатемен жұмыс жасау – есте сақтауға көмектесетін ең тиімді тәсіл. Бұл тапсырмада студенттердің тұрақты тіркестерді қаншалықты білетіндіктері де тексеріледі.

4. Мәнмәтіндік мағынасына қарай тұрақты сөз тіркесін жазыңыз.

Берілгені: айнама көз, ақ көз, ала көз, ескі көз.

- Әлі күнге дейін Хамит өзінің дұшпандарымен күресіп келеді.
- Оның кішкентай сұп-сұлу қызы бар.
- Мектеп директоры өте қатыгез ағай еді.
- Ауылымызда көпті көрген қариялар да қалмады.

Бұл тапсырма да тұрақты тіркестердің күнделікті өмірде қолдануға төселдіреді.

5. Сәйкестендір.

Тұрақты сөз тіркестері мен олардың мағыналарын сәйкестендір.

- | | |
|----------------|-----------------------------------|
| • Көз тұртты | • Көп білетін, көпті көрген |
| • Көз көрген | • Бұрыннан білетін, етене таныс |
| • Көзге тоқ | • Көзге күйік, жексұрын |
| • Көне көз | • Толықша келген, етті |
| • Көзі ашық | • Әр нәрседен хабары бар, білімді |
| • Көзі қарақты | • Хат танитын, сауатты |

Тек бір соматикалық атау қатысқан бірнеше тұрақты тіркесті беру арқылы соматизмнің қаншалықты көп мағына туғыза алатынын көреміз. Және сол мағыналарды ажыратып үйренеміз.

6. Артық болған сөз тіркесін алып тастаңыз.

- | | | | |
|------------------------|-----------------------------|---------------------|--------------|
| • Көрген жердің баласы | көзі ашық | ақ көз | көзі қарақты |
| • Беті бері қарады | беті қалың | бетке ұстар | бет көрісу |
| • Қол созым жер | қас пен көздің арасы | көзді ашып жұмғанша | |
| • Басы кеміді | шарадай басы шақшадай болды | бастан аяқ | басы бос |


Ғалым Н.Уәли лексика-фразеологиялық жүйеде адамның тілде орталық тұлға екенін, сондай-ақ ақиқат дүниені адам өз өлшемі мен тұрғысынан қабылдайтынын атап көрсетеді. Бұл тұжырымда тілдік тұлғаның бейнелі ойлауы тілдік бейнені қалыптастыруға әсер етеді. Нәтижесінде әр түрлі тілдер мен этномәдениеттерде белгілі бір тілдік таңбаның мағынасына қосымша ерекше мағына – коннотациялық мағына қабаттасатынын айтады [14, 52-53 бб.]. Мұндай тапсырмалар арқылы тұрақты тіркестердің мағынасына, сондай-ақ соматизмдердің коннотациялық мағынасын ажыратуды үйрену маңызды.

7. Берілген тұрақты тіркестерді жүйеленіз

Барысы: Соматикалық атау қатысқан көптеген тұрақты тіркестер, метафоралар беріледі. Соларды танымдық тұрғыда соматизмнің қай потенциалды семаның түріне жататынын анықтау қажет.

Мысалы:

Берілгені: басы кеміді, басқа кірмеді, басы пәледен босамады, басында, басынан бастап, әр нәрсенің басын шалып, басына бақ қонды, басынан бақ құсы ұшты, басынан бағы тайды, балақтан басқа өрлеу, басқа шауып төске өрлеу.



1 сурет – Потенциалды семаны анықтау тапсырмасы

Бұл тәсіл де соматизмдердің тудыра алатын потенциалды семаларын үйретуде көмекші болады.

Сыни тұрғыдан ойлау әдісі

Қай соматизм жайында айтылып тұрғанын анықтап көр.

Қазақ халқында емдеудің әртүрлі тәсілдері болғаны анық. Солардың бірі сиырды ұру арқылы емдеу. Кейін мал дәрігерлері шығып, бұл тәсіл ұмыт қалып, халық жадында тек тұрақты тіркес күйінде сақталған. Кей жазушыларды бұл тіркесті осы мағынасында қолданған. Мәселен, Б.Момышұлының қолданысында есеңгіреп қалу мағынасын береді [15, 68 б.].

Бұл тіркестің де қалыптасуы осы халық еміне байланысты туындаған. Ауруға шалдыққан малдың бір кесіп алып, оны басынан үш айналдыра «бастан садақа» деп лақтырып жіберетін болған [15, 69 б.].

Қорытынды. Қазақ тілін оқыту барысында білім алушыға тек грамматикалық және функционалдық білімді ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдениеті мен танымын да ұғындыру маңызды. Оқушыларға халықты айқындайтын, оны басқа халықтардан ерекшелейтін «тілдік бейнесін» таныту – оқыту үрдісінің маңызды бір бөлігі. Осы тұрғыда соматикалық лексиканы оқыту өте тиімді әдіс болмақ. Себебі адам әлемді өзіне жақын, түсінікті ұғымдар арқылы қабылдайды және оларға қосымша мағына қосу арқылы таниды. Дене мүшелерінің ауыспалы мағынада қолданылуы қазақ халқының дүниетанымын, құндылықтар жүйесін ашады. Соматикалық лексиканы зерттеу арқылы біз халықтың қандай құндылықтарына баса назар аударғанын, олардың дүниеге деген көзқарасын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз.

Қорытындылай келе, мақалада соматикалық лексика арқылы қазақ танымын ашуға бағытталған тиімді тапсырмалар мен әдістер жүйесі ұсынылды. Бұл әдістер қазақ тілін үйренушілерге тек тілдік білім беру ғана емес, сонымен қатар олардың мәдени және когнитивтік көзқарастарын дамытуға да бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Әбдімомынов Е. М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесі: білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде** [Мәтін] / Е. Әбдімомынов // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. – 2020. – №58(3). – 81-91 б. <https://doi.org/10.47649/vau.2020.v58.i3.12>.
- 2 **Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы (мұғалімдерге арналған көмекші құрал)** [Мәтін] / Б. Хасанов. – Алматы, 1966. – 206 б.
- 3 **Kildiroglu M., Shakirova K.M. Phraseological Units with a Somatic Component in the Kazakh and Turkish Languages** [Text] / M. Kildiroglu, K.M. Shakirova // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWLSeries "Philological Sciences. – 2023. – №4(71). – p. 143-157. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.011>.
- 4 **Шалқарбек Ә., Жауыншиева Ж.Б., Қоңырбаева Г.Қ., Утегулова З.Н. Танымдық көзқарас аясындағы фразеологиялық бірліктердің әлемдік бейнесі** [Мәтін] / Ә. Шалқарбек, Ж.Б. Жауыншиева, Г.Қ. Қоңырбаева, З.Н. Утегулова // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы "Филология ғылымдары" сериясы. – №3(70). – 2023. – 247-264 бб. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.017>.
- 5 **Pilipenko G.P. The Ukrainian language in Argentina and Paraguay as an identity marker** [Text] / G.P. Pilipenko // Slovene Open space. – 2018. – Vol. 7. – Iss. 1. – pp. 281-307.
- 6 **Stigler J.W., Hiebert J. Lesson study, improvement, and the importing of cultural routines** [Text] / J.W. Stigler, J. Hiebert // ZDM. – 2016. – T. 48. – №. 4. – pp. 581-587.
- 7 **East M. Foundational principles of task-based language teaching** [Text] / M. East. – New York, NY: Routledge, 2021. – 215 p.
- 8 **Байтұрсынұлы А. Жалқылау-жалпылау әдіс** [Мәтін] / А. Байтұрсынұлы // Жаңа мектеп. – 1928. – №1. – 31-37 б.
- 9 **Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы** [Мәтін]: Пед. ғыл. канд. ...авторефераты / А. Қыдыршаев. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1995 – 24 б.
- 10 **Imankulova M.A. Kazak dilini ulusal bilishim temelinde ogretme (K.Jubanov'un eserleri uzerine)** [Metin] / M.A. Imankulova. – "İpek Yolu Ulkelerinin Kultur Diyalogu" Uluslararası Sempozyum. Erzurum, Türkiye, 2016. – 695 s.
- 11 **Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер** [Мәтін] / Қ. Жұбанов. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010 – 608 б.
- 12 **Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер** [Мәтін] / Ф. Оразбаева. – Алматы: Ан-Арыс. 2009 – 368 б.
- 13 **Қияқбай Н., Арғынбаев Е., Адилбаева Р. Жобалап оқыту әдісі арқылы ойлау дағдыларын дамыту** [Мәтін] / Н. Қияқбай, Е. Арғынбаев, Р. Адилбаева // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 395-407. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.31>.
- 14 **Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография** [Мәтін] / Н. Уәли. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 бет.

15 **Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері** [Мәтін] / Ә. Хазимова // Түркітану мәселелері: бүгін мен болашағы. – Алматы, 2001. – 209 бет.

REFERENCES:

- 1 **Abdimomynov E.M. Auezovtin angimelerin okytudyn adistemelik zhujesi: bilim berudin kazirgi paradigmalary negizinde** [Methodological system of teaching M. Auezov's fiction based on modern educational paradigms]. *Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University*, 2020, no.58(3), pp. 81-91. <https://doi.org/10.47649/vau.2020.v58.i3.12>. (In Kazakh)
- 2 **Hasanov B. Kazak tilinde sozderdin metaforaly koldanyly (mugalimderge arналган komekshi kural)** [Metaphorical use of words in the Kazakh language (auxiliary tool for teachers)]. Almaty, 1966, 206 p. (In Kazakh)
- 3 **Kildiroglu M., Shakirova K.M. Phraseological units with a somatic component in the Kazakh and Turkish Languages.** *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL, series "Philological Sciences"*, 2023, no. 4(71), pp. 143-157. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.011>
- 4 **Shalkarbek A., Zhaunshiyeva Zh.B., Konyrbayeva G.K., Utegulova Z.N. Tanymdyk kozkaras aiasyndagy frazeologialyk birlikterdin alemdik beinesi** [Linguistic picture of the world of phraseological units in the framework of the cognitive approach]. *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL, series "Philological Sciences"*, 2023, no. 3(70), pp. 247-264. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.017>. (In Kazakh)
- 5 **Pilipenko G.P. The Ukrainian language in Argentina and Paraguay as an identity marker.** *Slovene Open space*, 2018, vol. 7, iss. 1, pp. 281-307.
- 6 **Stigler J.W., Hiebert J. Lesson study, improvement, and the importing of cultural routines.** *ZDM*, 2016, vol. 48, no. 4, pp. 581-587.
- 7 **East M. Foundational principles of task-based language teaching.** New York, Routledge, 2021, 215 p.
- 8 **Baitursynuly A. Zhalkylau-zhalpylau adis** [The generalization method]. *Zhana mektep*, 1928, no. 1, pp. 31-37. (in Kazakh)
- 9 **Kydyrshaev A. Ahmet Baitursynulynyn adistemelik murasy** [Methodical heritage of Akhmet Baitursynov]. Abstract of PhD thesis, Almaty, Abai atyndagy AIMU, 1995, 24 p. (In Kazakh)
- 10 **Imankulova M.A. Kazak dilini ulusal bilishim temeline ogretme (K.Jubanov'un eserleri uzerine)** [Teaching the Kazakh language on the basis of national informatics (based on the works by K. Zhubanov)]. *"İpek Yolu Ulkelerinin Kultur Diyalogu" Uluslararası Sempozyum*, Erzurum, Türkiye, 2016, 695 s. (In Turkish)
- 11 **Zhubanov K. Kazak tili zhonindegi zertteuler** [Research on the Kazakh language]. Almaty, Memlekettik tildi damytu instituty, 2010, 608 p. (In Kazakh)
- 12 **Orazbaeva F. Til alemi. Makalalar, zertteuler** [Language world. Articles, research]. Almaty, An-Arys, 2009, 368 p. (In Kazakh)
- 13 **Kiyakbaj N., Argyrbaev E., Adilbaeva R. Zhubalap okytu adisi arkyly ojlaw dagdylaryn damytu** [Developing thinking skills through project-based learning]. *Yassau universitetinin habarshysy*, 2023, no. 2(128), pp. 395-407. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.31> (In Kazakh)
- 14 **Uali N. Kazak soz madenietinin teorialyk negizderi** [Theoretical foundations of Kazakh verbal culture]. Almaty, «Kazak tili» baspasy, 2021, 424 p. (In Kazakh)
- 15 **Hazimova A. Kazak frazeologizmderinin ulttyk-madeni derekteri** [National and cultural data of Kazakh phraseology]. *Turkitanu maseleleri: bugini men bolashagy*, Almaty, 2001, 209 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Тұрысбек Айман Қайратқызы* – PhD докторант, SDU университеті, Қазақстан Республикасы, 040900 Қаскелең қ., Абылай хан көш. 1/1, тел: +7-707-670-73-13, e-mail: aiman.turysbek@mail.ru.

Ақтай Гүлайхан – PhD докторы, профессор ассистенті, Адам Мицкевич атындағы университет, Польша, 61-712 Познань қ., Венявский көш. 1, e-mail: Akgul@amu.edu.pl.

Турысбек Айман Кайратовна* – PhD докторант, университет SDU, Республика Казахстан, 040900 г. Каскелен, ул. Абылай хана 1/1, тел: +7-707-670-73-13, e-mail: aiman.turysbek@mail.ru.

Ақтай Гүлайхан – PhD доктор, ассистент профессора, Университет имени Адама Мицкевича, Польша, 61-712 г. Познань, ул. Венявского 1, e-mail: Akgul@amu.edu.pl.

Turysbek Aiman Kairatovna* – PhD student, Suleyman Demirel University, Republic of Kazakhstan, 040900 Kaskelen, 1/1 Abylai khan Str., tel.: +7-707-670-73-13, e-mail: aiman.turysbek@mail.ru.

Aktay Gulaikhan – PhD, Assistant Professor, Adam Mickiewicz University, Poland, 61-712 Poznan, 1 Wieniawski Str., e-mail: Akgul@amu.edu.pl.